

КМҚК №7 «Күншуақ» бөбекжай бақшасы

Түркістан

«Тәуелсіз ел-Қазақстан»
16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесінің
ертеңгілігіне арналған сценаріі

«Айгөлек» МАД
тобының тәрбиешілері:
Тулегенова Р.Ө.
Купбаева З.Р.
Саз маманы:
Ергалиева Б.

2020-2021 оқу жылы

Тақырыбы: «Тәуелсіз ел- Қазақстан»

Мақсаты: Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру.

Залға балалар кезекпен кіреді. Барлық бала жүрек болып тұрады.

Балалар орындарына келіп тұрады.

Жүргізуші:

Әнұраным, жанұраным
Айтар әнім сөйлер сөзім
Мәңгі бақи шырқалады
Республика әнұраным

Әнұран орындалады.

Жүргізуші:

Тәуелсіздік елімде,
Бакыт құсы самғап ұшты көгімде.
Қазақ деген ғажап халық қашаннан,
Көк бөрінің ұрпағымыз тегінде.

Құрметті әріптестер, еліміздің болашағы бүлдіршіндер! «Айгөлек» мектеп алды даярлық тобының 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне арналған «Тәуелсіз ел-Қазақстан» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші:-Балалар,біз бүгінгі үлкен мерекені қарсы алудамыз.Ол қандай мереке?

Балалардың жауабы: 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі күні.

Жүргізуші: 1991 жылы 16 желтоқсан күні біздің елдің тәуелсіздігі жария етілді. Міне көп жылдар бойы осы мерекені достық, бейбітшілік пен татулық күні деп тойлап келеміз. Бүгінде біз тәуелсіздікке қол жеткізген егеменді елміз. Бұл бізге оңайлықпен келген жоқ. Тамыры тереңде жатқан тарихи оқиғалардың нәтижесінде ата-бабаларымыздың арманына қол жеткізіп отырмыз.

1-жүргізуші:

Армандарды жақындатып тым алыс,
Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс
Тәуелсіздік – ел бақыты, ертеңі,
О, халайық! Құтты болсын қуаныш!

Балалардың тақпақтары:

Айкерім:

Он алтыншы желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн.
Ерекше боп мәңгілік,
Ел жадында қалған күн.

Нұрғиса:

Тәуелсіздік елімде
Бакыт құсы самғап ұшты көгімде,
Қазақ деген ғажап халық қашаннан,
Көк бөрінің ұрпағымыз тегінде.
Бабамның да арманы
Осы еді ғой аңсаған.

Мирас:

Тәуелсіздік төрлет менің төріме,
Тәуелсіздік шаттық сыйла еліме.
29 жыл қадам басып келесің,
Мынау дархан, кең жазира еліме.

Мансур:

Көк аспанда көкпеңбек
Қазақстан жалауы
Көк емес ол тектен тек
Елдің ашық қабағы.

Вероника:

Моя любимая земля
Родной мой отчи дом.
Мать и отец и ты и я
Свободно здесь живем.

Жүргізуші: (Желтоқсан оқиғасы туралы айту.) (СЛАЙДТАН КӨРСЕТУ)

1. Желтоқсан оқиғасы қай жылы болды? (1986 жылы 16 желтоқсан)
2. Желтоқсан оқиғасының құрбандары кімдер? (Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сабира Мұхамеджанов, Ербол Спатаев)
3. Тәуелсіз мемлекетіміздің рәміздері? (әнұран, ту, елтаңба)
4. 1986 жылы 16 желтоқсан күні Д. Қонаевтың орнына кім келді? (Колбин келіп 17 желтоқсанда жастар Брежнев атындағы алаңы «Бейбіт және саяси» шеруге шығады)
5. Тәуелсіздігіме биыл неше жыл болды? ()
6. ҚР-ның Конституциясы қашан қабылданды? (1993 жылы 30-тамыз)

Жүргізуші:

Туған жерге нұрын шашып жарық берген,
Қуаныш пен мол бақыт алып келген.

16-желтоқсан шуақ болып,

Тәуелсіздік еліме алып келген.-дегендей балалардың орындауында Он алтыншы желтоқсан әнін қабыл алыңыздар!

Ән: «Он алтыншы желтоқсан»**Жүргізуші:**

Бүгінгі күн біздер үшін той күні
Жарқын тілек жан көркейтсін бұл күні.
Қазағымның бар қасиеті көрініп,
Күй төгіліп болсын қызық жыр күні.

Ойын: «Тақия тастамақ» (Ойыннан жеңілген балаға сұрақ қойылады)

Жүргізуші: Олай болса саяхатшы Білгішбектің алғашқы тапсырмасын орындап көрейік балалар!

Жүргізуші: Отан туралы не білесіңдер? Балалар біздің Отанымыз қалай аталады? Отан деген не? Біздің Елбасымыз кім? Президентіміз кім?

Жүргізуші: Отан туралы қандай тақпақтар білесіңдер?

Отан туралы тақпақтар**Эмиль:**

Отан дейміз от жаққан жерімізді,
Отан дейміз өсірген елімізді,

Отан дейміз туған жер атамекен.
Биік тау орман тоғай көлімізді.

Раяна:

Любимый Казахстан.
Родина моя.
Тебя с днем независимости
Поздравляю я

Аида:

Отанды біз атамекен.
Деп аялап атаймыз.
Өйткені оны мекен еткен.
Бабамыз мен атамыз.
Отанды жас кәрімізде,
Туған жердеп сүйеміз,
Өйткені онда бәрімізде.
Туып өмір сүреміз.

Айару

Мой Казахстан ты независим
И над страной вьется флаг,
Орел парит свободно в выси-
Знак мира, дружбы и добра

Нұраддин:

Праздник в Казахстане
Мы радостно встречаем
С днем независимости
Вас мы поздравляем.

Ән «Менің Отаным»

Жүргізуші: Қазақстан Республикасының рәміздері» туралы не білесіңдер?

Балалардың жауабы: Ту, Елтаңба, Өнұран.

Ернат:

Рәміздерім елдігімнің белгісі
Біліу керек бала дағы ең кіші.
Рәміздерім-Өнұран, Ту, Елтаңба,
Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

Іңкәр:

Елтаңбасы елімнің
Неткен әйбат әдемі
Тұнығындай көңілдің,
Ортада аспан әлемі.

Амина:

Көк байрағы бабаның,
Бүгінгі ұрпақ алауы.
Отбасы әке баланың,
Қазақстан жалауы.

Асхан:

Ақ ниетті алтын күн.
Аскақта арман қиялы,

Жалауы бар халқымның,
Мәртебесі мақтаным.

Азалия:

Тәуелсіздік елімде
Бақыт құсы самғап ұшты көгімде,
Қазақ деген ғажап халық қашаннан,
Көк бөрінің ұрпағымыз тегінде.

Азиз:

Тәуелсіздік төрінде
Нұр қияды көңілге.
О, жасұлан еліңнің,
Ертеңі үшін Елімнің!

Ән «Елұраны елімнің» Сембай Асылхан

Жүргізуші:

Ойы биік, арманы алыс.

Жаны жомарт, айқабағым

Көкірегі толған намыс

Қазағымнан айналайын.-деп айтқандай ортаға намысты жігіттерімізбен қыздарды
ортаға билерімен қарсы алайық.

Би: «Қара жорға»биі

Ойын « Хан талапай »

Жүргізуші:

Республикам күндей күлген шығыстан,

Асыл елім , жан жүректі ұғысқан.

Ата-бабам аңсап өткен бақытым,

Алтын – бесік тәуелсіз ел Қазақстан!

Ән: «Тәуелсіз ел ұраны»

Жүргізуші:

Күлімде, күн, күлімде!

Бүлдіршіндер қуансын.

Қырдың көкшіл түгіндей

Қолдарына ту алсын.

Күлімде күн күлімде!

Күлсін барлық бала шат.

Берекелі бүгіндей

Бейбіт болсын болашақ.

Би «Қазақстан жалауы»

Жүргізуші:

Қазақ аты береке, бірлік дер ем,

Қазақ осы бірлікті – тірлік деген.

Сахараға бүгінде шықты қазақ,

Тәуелсіз бір тағалы жүйрікпенен.

Аспанымыз ашық, еліміз тыныш болып, әрқашан сәбилердің шат күлкісі үзілмесін!

Тәуелсіз Қазақстан жасай берсін!Еліміздің егемендігі кеңейіп, көк байрағы желбірей

берсін!Осымен ересектер тобының Тәуелсіздіктің 29 жылдығына орай

ұйымдастырылған ертеңілігі аяқталды. Зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет сау
болыңыздар!